

«Балқаш қаласы Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебі»
КММ-сінің тәрбие жұмысы есебі.

2021-2022 оқу жылы

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, руханиадамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылады.

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар.

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында мынадай жобалар іске асырылатын болады:

- «Мектептің өзін-өзі басқаруы»;
- «Дебат» қозғалысы;
- «Оқуға құштар мектеп»;
- «Отбасы – мектеп»;
- «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- «Дәстүр мен ғұрып»;
- «Еңбек – елдің мұраты»;
- «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет»

Еліміздің орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады.

1) Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезімді, жеке бас бостандығы мен арнамысының құндылығын, парасаттылық пен адалдықты, толеранттылықты, еңбекке деген құрметті, «толық адам» қасиеттерін қалыптастырады, зорлық-зомбылық пен агрессиялық ой-пиғылдың, әртүрлі типтегі кемсітушіліктің алдын алуды қарастырады.

ҚР Тұңғыш президент күніне орай 6 сынып оқушыларына «Қазақстан патриоты» деректі фильмі, 4 сынып оқушылары арасында «Елбасыға хат» эссе байқауы, «Бабамнан қалған кең дала» атты Н.Ә.Назарбаевтың сөздеріне жазылған және елбасының сүйікті әндерін орындаудан байқау өтті.

Ел Тәуелсіздіктің 30 жылдығын тойлау мақстанды жұмыс жоспары құрылып, бір шама ісшаралар өтті. Атап айтсақ, тарих пәнінің апталығы аясында 6-сыныптар арасында "Тарихи таным" атты интеллектуалды сайыс, оқушыларды ұлтжандылыққа тәрбиелеп, өз еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында 8-9 сынып оқушылары арасында "Мен - патриотпын!" үгіт-насихат топтарының мектепішілік сайысы өтті. Сайысқа 10 сынып 50 оқушы қатысты.

2-сынып оқушылары арасында "Елімнің бақытын тербеткен-Тәуелсіздік" тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Оқушылар белсене қатысты. Өз ойларын ортаға сала білді. Қатысқан оқушылар "Қазақстанның патриоты", "Үздік сөз шебері", "Шығармашыл ойлау", "Тіл құдіреті", "Көркем сөз шебері" номинацияларымен марапатталды.

4-сыныптар арасында "Біз Тәуелсіз елдің ұланымыз" атты патриоттық әндер байқауы өтті. Байқауға 2 сынып қатысты. Барлығы 25 оқушы қамтылды.

Қортынды іс-шара ретінде 15 желтоқсан күні мерекелік салтанатты концерт ұйымдастырылды. Концерт барысында Тәуелсіздік кұрдастарын марапаттады. Концерт барысында патриоттық әндер орындалып, үгіт-насихат топтары өз өнерін көрсетті.

Балалар мен жасөспірімдер қозғалысының қызметін ұйымдастыру білім алушылардың бойында патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мен дамыту мақсатында мектебімізде «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клуб, «Жас қыран», «Жас Ұлан» ұйымдары жұмыс жасайды.

«Жас сарбаз» әскери-патриоттық клуб мүшелігіне – 15 оқушы тартылған. «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының жұмысын – алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушы жүргізеді. Клуб мүшелері арасында граната лақтырудан жарыс ұйымдастырылды, 8 караша күні қыз балалар арасында нысанаға көздеп ату, Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұлдар арасында АК-74 автоматын жинау және бөлшектеу жарыстары ұйымдастырылды.

Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу, Қарулы Күштердің беделін арттыру және Отан қорғаушылар ұрпақтарының одан әрі сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында 14 желтоқсанда 10 және 11 сыныптарда сынып жетекшісі К.Ж. Токтаубаева "Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне" арналған "Ерлік сабағын" өткізді. Сынып сағатына Балқаш қаласы бойынша Ауған соғысының ардагері М.Д.Абдирбаев, Әлімхан Ермеков атындағы "№17 мектеп-лицейінің" АӨТД жетекшісі Д.М.Левкович, "Зияткер" мектебінің АӨТД жетекшісі М.І.Балбыков шақырылды.

Тәрбие бағытының бірі – білім алушыларды құқықтық тәрбиелеу. Осы орайда мектебімізде білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған. 16 қараша мен 21 қараша аралығында мектебімізде «Құқық» апталығы өтті. Апталық аясында 9"А", 9"Б" сынып оқушылары үшін "Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу" тақырыбында ақпараттық кездесу өтті. Ақпараттық кездесу "Сенің құқығың", "Жасөспірімдер арасында қылмыстық істердің көбею себептері", "Тығырықтан шығар жол қайсы?", "Бейнефильмдер айдары", "Көкейде жүрген сауал", "Сауалнамаға жауап" атты бөлімдерді қамтыды.

9 "А" және 9 "Б" сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесу өтті.

Кездесудің мақсаты – оқушыларға тәуелсіз еліміздің құқық қорғау органдарының міндеттерін, құрылымын, қызметін түсіндіру, олардың мемлекет пен азаматтардың мүддесін қорғайтын мемлекеттік құрылым екендігін ұғындыру. Аталған кеш жыл сайын құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің қатысуымен өтеді.

Кездесуде Балқаш қаласының қалалық жасөспірімдер бөлімінің инспекторы полиция аға лейтенанты А.А.Нұрбек қатысты.

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының 4.5 тармағына сәйкес қоғамда парасаттылық жүйесін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында мектебімізде «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК-ның бұйрығымен «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылды.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысын ұйымдастыруға жауапты ретінде мектептің аға тәлімгері Мағден Э.Н тағайындалып, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Ж.Мусахановаға қадағалау тапсырылды.

Қыркүйек айында 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары мен клуб мүшелерінің тізімі бекітілді. Тізімге мектептің 12 оқушысы қабылданып, 9 «А» сынып оқушысы Байдалина Гүлдана клуб басшысы болып тағайындалды.

Үнемі жаңартылып тұратын «Парасатты азамат» бұрышы жасалды. Бұрыштың мақсаты- азаматтық, патриоттық тәрбие беру, кез-келген адамның құқығын, бостандығы және міндетін құрметтеу, адамгершілік қасиет пен этикалық сананы қалыптастыру, жемқорлықты қабылдамау, шығармашылық қарым-қатынасты қалыптастыру.

14-19 қыркүйек аралығында құқықтық сауаттылық апталығы өтті. Осы апталық аясында мектеп аға тәлімгері Магден Э.Н жемқорлықтың алдын алу мақсатында 10 сынып оқушыларымен «Сыбайлас жемқорлық-қоғамның өзекті мәселесі» атты сыныптан тыс іс-шара өткізді. 13 оқушы қатысып, мәліметтер алды.

Сонымен қатар, оқу жылының алғашқы аптасынан бастап үлкен қоңырауда мектебіміздің 1 қабатында орналасқан теледидар экранындарда «Адалдық сағаты» видеолар көрсетілімі ұйымдастырылды.

25 қазан білім ордамызда «Адал ұрпақ» ұйымына қабылдау слеті өтті.

Іс-шара Қазақстан Республикасының әнұранымен ашылып, ұйымның мақсат-міндеттерімен таныстырылды. Мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасы Мусаханова Д.Ж құттықтау сөз сөйлеп, оқушыларға «Адал ұрпақ» ұйымының жұмысы туралы түсіндірді.

Ұйым басшысы Байдалина Гүлдана ант қабылдап, алдағы жылда ұйымдасқан түрде мектебімізде жүйелі түрде түрлі іс-шаралар атқарып тұратынын мәлімдеді.

27 қазан білім ордамызда «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелерімен «Қоғамдық тәртіп-негіздері» тақырыбында интеллектуалды ойын өтті.

Интеллектуалды ойын 5 кезеңнен тұрды:

I кезең: «Таныстыру»

II кезең: «Біз неге құқылымыз»

III кезең: «Ғажайып алаң»

IV кезең: «Жеті жұрттың тілін біл...» (Полиглот)

V кезең: Қорытынды

Ойын жарыс түрінде өтті.

Іс-шара қызықты әрі пайдалы ақпараттарға толы болды.

Сайыс соңында секциялар I, II, III орындарға ие болып, мадақтау қағаздарымен марапатталды.

10.11 күні білім ордамызда «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелерімен «Бір пара – Екі қылмыс» атты тренинг өтті. Тренингтің басты мақсаты — оқушыларға «Сыбайлас-жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кенейту. Мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Тренинг барысында оқушыларға негізделіп «Қара нүкте» психологиялық әдісі қолданылды. Оқушылар жемқорлық тақырыбында жағдаяттарды шешіп, сахналық көрініс қойды. Өз ойларын еркін ортаға салды. Пара алу және пара берудің қорытындысы жайлы постер қорғап шықты. Тренинг соңында, ұйымдастырылған іс-шараның қонағы

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Дидар Жанатқызы оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Сөз соңында «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелеріне өз кенесін беріп, оқушыларды адал әрі сапалы қызмет жасауға шақырды.

13 желтоқсан күні Ел Тәуелсіздігіне 30 жыл салтанатты жиын Қазақстан Республикасының туы кіргізіліп, әнұранымен ашылды. Ұйымның ұланбасы Серикова Жамиля және 7 бағыттың ұланбасылары Жас Ұлан ұйымының мақсат-міндеттерімен таныстырып өтті. Ал Ел тәуелсіздігіне 30 жылдығына арнап мектебіміздің 8 сынып оқушыларынан құралған үгіт насихат тобы жас ұландықтарды ұлатжандылыққа, өз елінің нағыз патриоты болуға шақырды. Ұйымға қабылданушы оқушылар «Өз Отаны – Қазақстанның патриоты болуға, «Жас Ұлан» ережесін бұлжытпай сақтап отырып, өзінің достарынан соны талап ете отырып, Отанды сүйге салтанатты түрде ант берді. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Сағатбекова Г.Б сөз сөйлеп, тілегін айтты. Мектеп оқушылары «Жас Ұланның» әнін бірге шырқап, салтанатты жиынның соңы Қазақстан Республикасының туы шығарылып, естелік суретке түсумен аяқталды.

Ұйымның 10 жылдығына орай Жас Ұлан ұйымына қабылданған оқушылар арасында өз міндеттерін орындау, келер жас ұландықтарға үндеу жасау мақсатында «Жас Ұлан» мен үшін...?» тақырыбында бейнероликтер байқауы. Байқау 7 сыныптар арасында өтті. Байқау нәтижесінде 7 «А» сынып оқушылары жеңіп алды.

2021-2022 оқу жылында мектебімізде мынадай құқықбұзушылықтың фактілерін тіркелді: электронды темекі вейп пайдалану – 9 жағдаят, қауіпті әлеуметтік топтармен жүру – 2 жағдаят, сыныптың ішінде қыз балаларға әлімжеттік көрсету – 1 жағдаят, мектептің мүлкіне зиян келтіру – 1 жағдаят, үйден қашу – 2 жағдаят, сабаққа себепсіз қатыспау - 20 жағдаят, өзінен кіші балаларға күш көрсету – 1 жағдаят. Осындай құқықбұзушылықтардың орын алуы салдарынан мектепшілік есепте қазіргі таңда 9 оқушы тіркелген. Оқу жылының басында қалалық ЮП есебінде тұрған 2 оқушы жоқ, жайсыз отбасы ретінде отбасы тіркелген жоқ. Оқу жылының аяғында қалалық есепте тұрған оқушы 1, жайсыз отбасы ретінде отбасы тіркелген.

Мектебімізде кәмелетке толмағандар және жас балалар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектепшілік жоспары жасалып, бекітілді. Жоспарға сәйкес іс-шаралар жүзеге асырылды.

8 ақпан күні Балқаш қаласының қалалық жасөспірімдер бөлімінің инспекторы полиция аға лейтенанты Нұрбек Аян Алтайұлы 9 «А», 9 «Б» сынып оқушыларымен кездесіп, өзінің жетістік формуласымен бөлісті. Оқушылар Нұрбек Аян Алтайұлына көптеген сұрақтар қойды. Олардың

ішінде еңбек жолын неден басталған және оның басты өмірлік қағидаттары қандай екендігі туралы сұрақтар бар. «Жетістік деген не?» сауалына жетістік – көздеген мақсатқа қол жеткізу» деп жауап берді. Сонымен қатар А.А.Нұрбек ұрлық, бопсалау, ата-ананы тындамау, төбелесу, үйден қашу т.б. құқық бұзышылықтар туралы сөз қозғады.

27 ақпан күні «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу» тақырыбында Балақаш қаласының полиция бөлімінің аға лейтенанты А.А. Нұрбек 9 «А», 9 «Б», 8 «А», 8 «Б» сынып оқушыларымен өткізілген кездесті. 8,9-сынып оқушыларына кәмелетке толмаған арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу мәселесі қазіргі таңда маңызды істердің бірі екендігін айтты. Қоғамдағы ең басты мәселе Қазақстан Республикасындағы әрбір азаматтың мемлекет тарапынан құқығын қорғау және сақтау заң қызметкерлерінің абыройлы міндеті болып саналатынын жеткізді. Кездесу барысында оқушылар тарапынан «Егер кәмелеттік жасқа толмаған оқушы жеңіл көлік теуіп ұсталатын болса, оны не күтіп тұр?», «Егер жас балалар ұрлық жасап ұсталса, ол балаларға не болады?», «Мен болашақта полиция қызметкері болғым келеді. Бізде қандай полиция мектептері бар ма?» т.б. сұрақтарға жауап берді.

18 сәуір күні Балқаш қаласының ПБ-нің ЖПҚБ ЮП тобының аға инспекторы, аға лейтенанты А.А. Нұрбек 7-9 сынып оқушыларымен кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылық профилактикасы мен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында кездесті. Заңды білмеу – құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі. Заңды білмеу, оны бұзу жауапкершіліктен құтқармайды. Осыған орай полиция аға лейтенанты А.А. Нұрбек ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Баланың құқықтары туралы заңына тоқталды. Бұл заңның 3-тарауы «Баланың негізгі құқықтары мен міндеттері» 8-20 баптарын жіктеп көрсетті. Сонымен қатар ҚР Кодексінің (2014 жылғы 5шілдедегі №235) 2-тарауы «Кәмелетке толмағандардың құқығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар» 127, 442-баптарына тоқталды.

Оқушылардың құқықтары мен міндеттері туралы, демократия қағидалары туралы, адам құқықтары мен жеке бостандықтарды құрметтеу туралы түсініктерін қалыптастыру мақсатында 7-12 ақпан күндері мектебімізде «Құқықтық навигатор» құқықтық сауаттылық апталығы ұйымдастырылды.

7-11 ақпан аралығында 1-4 сынып арасында «Балалық шақтың түрлі түсті әлемі» тақырыбында суреттер байқауы өтті. Байқау нәтижесі бойынша 1 –орынды 1 «А», 3 «А» сыныптары, 2-орынды 4 «Б», 2 «А» сыныбы, 3 «А» сыныптары, 3-орынды 4 «Б» сыныбы, 1 «Б», сыныбы ие болды. «Қоғамдағы

тәртіп нормалары», «Мектеп-заңның аумағы», «Зиянды әдеттерден аулақ бол!» тақырыбында 5-сыныптар арасында парақшалар байқауы жарияланып, оқушылар өздері жасаған парақшаларын мектеп оқушыларына үлестірді. Байқау қорытындысы бойынша 1 орында 5 «А», 2 орынды 5 «Б» сыныптары. 3 орынды 6 «А», «Б» сыныптары иеленді. 7-сыныптар арасында «Құқықтық вернисаж» плакаттар сайысында 1-орынмен 7 «А», 2-орынмен 7 «Б» сыныптары жеңіске жетті.

3-сынып оқушыларына «10 жасқа дейінгі балалардың құқықтары мен міндеттері» тақырыбында құқықтық орган қызметкерлерімен, «Менің денсаулығымға жауапкершілігім» медициналық қызметкерлермен кездесті. 2-сынып оқушылары «Құтқару қызметіне қоңырау шалыңыз» ТЖ қызметкерлерімен жүздесті. Кездесулер барысында оқушылар денсаулық сақтау, жеке бас тазылығы туралы, өрт қауіпсіздігі мен су қауіпсіздігін сақтау туралы білімдерін толықтырды.

Кеңес әскерінің Ауғаныстан жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына орай іс-шаралар желісі Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өтті. Мақсаты: оқушылардың бойында патриотизм мен жауапкершілік қалыптастыру.

Өнегелі өмір жобасы аясында. Сынып сағатына Балқаш қаласы бойынша Ауған соғысының ардагері М.Д. Абдирбаев, Әлімхан Ермеков атындағы "№17 мектеп-лицейінің" АӘТД жетекшісі Д.М. Левкович, "Зияткер" мектебінің АӘТД жетекшісі М.І. Балбыков шақырылды.

Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өткізілді. Қонағымыз сөз сөйлеп, сұрақ-жауап әдісі арқылы Ауған соғысы, ержүректілік туралы әңгіме жүргізді. Кездесу барысында оқушылар сұрақ қойып, спорттық ойындар көрсетілді.

9-11-сыныптар арасында «Мен өз Отанымның батыл қорғаушысымын» атты әскери-спорттық ойын ұйымдастырылды.

Ойын барысында оқушылар АК-74 автоматын бөлшектеу және жинау, оқжатарды уақытқа жинау, пресс тартылу түрлерінен бактарын сынасты.

Әділқазы алқасы «Мен өз Отанымның батыл қорғаушысымын» әскери-спорттық ойынның қорытындысын шығарып, жеңімпаздар марапатталды.

3 мамыр күні қаламызда «Мен Тәуелсіз елдің ұланымын» атты 8 сынып оқушылары арасында сапта тұру ән айту байқауы өтті. Байқау 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне және ҚР Қарулы күштерінің құрылғанына 30 жыл толуына орай ұйымдастырылды. Байқаудың мақсаты:

- Оқушыларды Қазақстандық патриотизмге баулу.
- Оқушылардың әскерде қызмет етуге деген ынталарын арттыру.
- Оқушылар арасында достықты нығайту.

- Оқушыларды әскери оқу орындарына түсуге баулу.
- Оқушылардың дене даярлығын спорттық шеберліктерін арттыру.

Сайыс соңы қортындыланып, жеңімпаз оқушыларымыз марапатталды.

4 мамыр күні мектебімізде жас азаматтарды еліміздің нағыз патриоттары, өзгерістерден қаймықпайтын, еңбекқұмар, білімге құштар, өзін-өзі жетілдіруге үнемі ұмтылатын, өршіл, қайсар етіп тәрбиелеуді, дәстүрімізді, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыруды көздейтін Бірыңғай «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы Республикалық Қоғамдық бірлестігінің қатарына мектеп оқушыларын қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиынымыз өтті.

Сап түзеген Ұландар ант қабылдап, мәлімдеме тапсырып, «Жас Қыран», «Жас Ұлан» ұйымына қабылданды. Қатысушы қонақтармен ұстаздар ұйымға қабылданушыларға төсбелгілер мен галстукті табыстады.

6 мамыр күні 5-7-сыныптың сыныптарда "Ұранды елдің ұрпағы қайсар" атты тәрбие сағаттары өтті. Мақсаты: Отанға адал, елге қайырымды, отбасына мейірімді, ұлтжанды азаматтар тәрбиелеу.

Мектебімізде Ұлы Жеңістің 77 жылдығына орай іс-шаралар жоспары жасалып, жоспарға сәйкес іс-шарлар жүргізілді.

Атап айтсақ, 4-сыныптар арасында "Отан үшін от кешкендер ұрпағымыз" тақырыбында сынып сағаты өтті. Мақсаты: Ұлы жеңісті дәріптеу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық тәрбие беру. Оқушыларды Ұлы Отан соғысындағы ерлік көрсеткен казакстандықтардың ерлік істерін қастерлеп, рухын көтеру, үлгі өнеге тұту, ой - өрісін дамыту. Оқушылар өз ойларын еркін жеткізді.

9 мамыр Ұлы Жеңістің 77 жылдығы қарсаңында 8-сыныптар арасында "Ән Жеңістің сергі" атты қабырға газеттер байқауы өтті. Байқаудың мақсаты Жеңісті жаңғыртуға күш салған ерлігі дастан аға буынның көрсеткен ерлігін жас ұрпаққа насихаттау, жас ұрпақтың бойынан ҰОС ардагерлеріне, Отан қорғаушылар бейнесіне, әскери дәстүрлерге және әскери қызметке деген құрметті қалыптастыру, Отан сүйгіштікпен көпұлттылықты, өскелең ұрпақты туған елдің тарихын құрметтеуге тәрбиелеп, өнерлі оқушыларды анықтап, сахна өнеріне баулу. Байқау соңында жеңімпаздар жүлделі орындармен марапатталды.

4 мамыр күні 3 сынып оқушылары арасында «Еңсесі биік Ұлы Жеңіс» атты мәнерлеп оқу байқауы өтті. Байқауға барлығы 7 оқушы қатысты. Іс-шараның мақсаты: оқушыларды өз Отанын, елін, жерін сүйуге, қаһарлы күндердегі халқымыздың үлгі тұтарлық қасиетін мақтан ете отырып, Қазақ

елінің майданда көрсеткен ерен ерлігін құрметтеп, олардың есімін мәңгі есте сақтауға, елжандылыққа, Отанын қорғай білуге тәрбиелеу.

Мектеп кітапханашысы Қазбекова Б.К Ұлы Жеңістің 77 жылдығына орай «Ұлы Жеңіс-ұрпаққа аманат» атты кітапханада ақпараттық сөре ұйымдастырды және әлеуметтік желілерге «Бақыт гүлін терген күн» ақпараттық видео роликтер жарияланды.

2) Рухани-адамгершілік тәрбие – адамгершілік келбеті, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтаралық келісім, толеранттылық сияқты құндылықтарды қалыптастырады.

Мектебімізде осы бағытта «Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасы аясында «Сүйікті қалама- 85 жыл» қала күніне арналған жоспарға сәйкес «Туған қалаға – игілікті істер» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Акцияға мектебіміздің «Өзін-өзі басқару ұйымы» жетекшілік етті. Акцияға 5 А, 5 Б сыныптың оқушылары мен ата-аналары белсене қатысып, суреттер байқауы ұйымдастырылды..

«Дәстүр мен ғұрып» арнайы жобасы аясында «1 қазан — қарттар күніне» орай «Әжемнің әңгімесі» акциясы ұйымдастырылды. Аяулы қарттарымыз балаларға өз тәлім, тағылымдарын айтып, өнеге етті. Акцияның мақсаты: Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу. Отбасыны және қоғамды ұйыстыратын құндылықтарды нығайту.

5-7 сыныптар арасында «Қарттарым - асыл қазынам » атты суреттер байқауы өтті.

Мектебіміздің 0 «А», 0 «Б» мектепалды даярлық сыныптары «Менің атам мен әжем» атты фотоколлаж жасады.

Қазақта «Атаңа не істесең, алдыңа сол келер» деген ұлағатты сөз бар. 1-11 сынып оқушылары Халықаралық қарттар күнінде қаламыздың ең мәртебелі адамдары – аталар мен әжелерді мерекелерімен құттықтап, ол кісілерден бата алды.

Адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастырудың бір жолы – кітап оқу. 2021-2022 оқу жылында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін («Кітап оқу – сән») арттыру мақсатында білім алушылар арасында, ата-аналар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы жүзеге асырылуда.

Биыл мектеп кітапханасына оқуға ұсынылған кітаптар қойылған, бұл оқушыларға сол шығармаларды алып, оқуына мүмкіндік береді. Мектеп кітапханасы оқушыларымыздың сүйікті орнына айналды. Ол оқушыларды кітап оқуға ыңғайлы орындарымен де, әдемілігімен де тартуда.

Оқу жылы басында 1-11 сыныптар арасында 20 минуттық оқуда оқылатын әдебиеттер тізімі жасалды. Әр сынып ай сайын өздерінің оқыған әдебиеттерінің қорытындысын шығараып отырады. Қыркүйек, қазан айларында оқыған әдебиеттер нәтижесі мектептің кітапханасында әр сыныптың оқыған кітаптары туралы қызықты мәлімет көрініс тапты.

Мектебіміздің әрбір іс-шаралары оқуға құштарлықты арттыруға бағытталған. Эстетикалық сауаттылық апталығының нәтижесінде де колөнер туындыларын кітап кейіпкерлері екенін көрмеде қойылған кітап пен оның қаһарманының бейнесінен, мүсінінен анық байқауға болады. Мысалы: А.Құнанбаев кітаптары— Абай бейнесі, ертегілер – ертегі кейіпкерлері, ҰОС туралы кітаптар – Кеңес Одағы батырларының бейнелері т. б. Бұл – адам қиялын кітап оқу арқылы дамытатындығының бір көрінісі.

Рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыруда қазақтың педагог-ағартушысы, жазушы, фольклоршы, қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай «Кел, балалар, оқылық!» апталығы өткізілді. Апталық аясында сынып сағаттары, диктанттар, байқаулар, ашық сабақтар және т.б. шаралар ұйымдастырылды. 2 "Б" сыныбында "Кел,балалар,оқылық!", 2 «А» сыныбында «Ыбырай Алтынсарин шығармашылығы», 4 «А» және 4 «Б» сыныптарында «Қазақ халқының біртуар перзенті Ы.Алтынсарин» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Сынып сағаттарының басты мақсаты: алғашқы ұстаз, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің өмірімен, шығармаларымен оқушыларды таныстыру.

5 «А» сыныбында Н.Х.Жеткіннің ұйымдастыруымен «Даланың дара жұлдызы-Ыбырай Алтынсарин» атты сынып сағатты өтті. Мақсаты: Алғашқы ұстаз, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің өмірімен, шығармаларымен оқушыларды таныстыру. Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері арқылы оқушыларды имандылыққа, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу

1 "А" сыныбында "Ы.Алтынсарин -дала қоңырауы" атты ауызша журнал өтті. Ыбырай қаламынан туған өлеңдер дәуір өткен сайын өзектілігін жоғалтпай ғана қоймай, сол дәуірдің мазмұны мен сырын жаңа ашып танытқандай болады.

3-4 сыныптар арасында «Кел, балалар, оқылық!» атты мәнерлеп оқу сайысы өтті.

Өткізілген іс-шараның мақсаты: оқушылар қазақ халқының алғашқы ұстазы Ыбырай Алтынсариннің өнегелі өлеңдері мен әңгімелерінен үлгі алуға, еліне, халқына, ұлы тұлғаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Қатысушыларымыз Ыбырай өлеңдерін мәнеріне келтіріп, жатқа орындады. Сайыс соңында төрешілеріміз қатысушыларымызға алғыстарын білдіріп,

жұлделі орындармен марапаттады. Іс-шара поэзиялық көркемдігімен жақсы әсер қалдырды. Ұлы ақын, ұстаз Ы.Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай ақындар байқауы өтті. 3,4 сынып оқушылары абыроймен өнер көрсетіп, мақтау қағаздары мен алғыс хаттарға ие болды. Қазылар алқасы қатысушыларды үш критерий бойынша бағалады: анық дикция, мәнерлілік және эмоционалдылық. Сайыс соңы қортындыланды, жеңімпаз оқушылар марапатталынды.

7-8 сынып оқушылары арасында «Ұшталған қалам» ағартушы шығармалары негізінде эссе жазу байқауы өткізілді. Байқау мақсаты: Қазақтың педагог – ағартушысы, жазушы, фольклоршы, қоғам қайраткері, этнограф-ғалымы Ы.Алтынсариннің шығармаларын оқыта отырып, білімдерін тереңдету.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Б.Б.Дүйсембаеваның ұйымдастыруымен 5-6 сынып оқушыларының арасында «Кім тапқыр?» атты зияткерлік сайыс өтті. Ойын 5 кезеңнен тұрды:

I. Кім тапқыр ? (Сұрақтарға жауап беру)

II. Ойлан тап (ұяшықтардағы сұрақтарға жауап беру)

III. Сөзтапқыш (суреттегі бейнені бейнелеп көрсету)

IV. Актерлік шеберлік (Ы.Алтынсариннің әңгімелерінен көрініс көрсету)

V. Қортынды. (Жеңімпаздарды анықтау)

Бұл кездесудің негізгі мақсаты өскелең ұрпақтың танымдық қызметін арттыру, Қостанай облысының тумасы, ұлы ағартушының өмірі мен шығармашылығын насихаттау болып табылады. Ойын өте тартымды да қызықты өтті.

Мектеп кітапханшылары Ы.Алтынсариннің әңгімелері бойынша 4-сыныптар арасында «Әдеби джем» ойыны өтті. Оқушылар парақтағы қиындыларды құрастырып, шығарманың атауын тауып, мазмұндап берді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қыркүйек айында «Бәріміз кітап оқимыз» жобасы бойынша 1-11 сыныптар оқылтын кітаптардың тізімімен таныстырылды.

Қазан айында Қасым Аманжоловтың «Дарига, сол қыз» кітабы бойынша поэтикалық шолу өткізілді. Қасым Аманжоловтың шығармашылығынан жан-жақты мәліметтер бере отырып, поэзиялық шығармаларды оқытуға ынталарын арттыру;

Қ.Аманжолов өлеңдері арқылы қазақ әдебиетіндегі жалынды поэзиялық туындыларды үйрете отырып, мәнерлеп оқу қабілеті мен қалыптастыру;

Ы.Алтынсарин атындағы №25 мектепте ҚР тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Бір отбасы-бір кітап» Акциясы аясында «Оқырман отбасы» байқауы жарияланды.

Байқаудың мақсаты: жанұямен кітап оқу дәстүрін қайта жаңғырту. Адамзаттың ой-өрісін, шығармашылық, әлеуметтік белсенділігін арттырудың қуатты құралы болып табылатын кітап оқуды отбасылық құндылыққа айналдыру. Отбасындағы балалардың жан-дүниесінде рухани ізгілікті қалыптастырып, кітап оқуға деген қызығушылығын ояту.

Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай вертуалды шолу жасалды. Халқын қалтқысыз сүйген, болашағына зор үміт артқан Ыбырай атамиздың өміріне, шығармашылық жолына және ғылыми жетістікеріне шолу жасау және қазіргі уақыттағы қазақ жастары үшін Ыбырай Алтынсарин қалдырған өсиетінің өзекті болып табылатынын көрсету. Сонымен қатар «Алғашқы ұстаз, алғашқы дана бабам» атты 5 «А» сынып оқушыларымен оқу сағаты өткізілді.

Мақсаты: Алғашқы ұстаз, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің өмірімен, шығармаларымен оқушыларды таныстыру. Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері арқылы оқушыларды имандылыққа, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Ұлы тарихи тұлғаны есте сақтауға, құрмет тұтуға, үлгі алуға тәрбиелеу.

«Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бір уыс мақта», «Бақша ағаштары», «Түлкі мен ешкі», «Бай мен жарлы баласы», «Мейірімді бала» әңгімелері оқылып балалар өз пікірлерін ортаға салды.

Оқу жылы барысында мектеп кітапханашылары «Кітап оқып, әрқашан сәнде болыңыз!» тақырыбында жаңа кітаптар шерулерін әлеуметтік желілерге жүктеп отырды, сонымен қатар үлкен қоңырау кезінде іс-шаралар ұйымдастырды..

21 сәуір күні 3 – сыныптарға арналған «Суреттер сөйлейді» әдеби ойыны өтті. Ойын барысында оқушылар өткен тақырыптарды сурет арқылы есіне түсіріп, сол мәтін жайлы қысқаша түсініктерін баяндады. Белсене қатысқан оқушыларға тәтті сыйлық берілді.

5 "Б" сыныбы оқушыларымен "Кітап әлемінде" атты саяхат ойыны өткізілді. Мақсаты: Оқушылар арасында ұжымдық, топтық, жеке дара жұмыс әдістерін қолдана отырып, кітапханадағы түрлі шараларға, әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыру.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 23 сәуір – Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күніне арнап, бастауыш сынып оқушыларымен «Кітап – асыл досымыз» атты флешмоб өткізді.

3) Ұлттық тәрбие аясында білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатында аталған бағыт шеңберінде:

5 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдері күні аясында 9-сыныптар арасында «Sen de bir kirpish dunieqe...» тақырыбында латын графикасының шығармашылық байқауы болып өтті. Бірінші кезеңде латын әліпбиінен диктант жазса, екінші кезеңде мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, сұрақтарға жауап берді.

11 қазан – Қызар күніне орай Қыздарымызға тән нәзіктік, сұлулық, сыпайлық, әдемілік, іскерлік, бәрінен де ар тазалығы тән екенін ұғындыру мақсатында 11 және 10 сыныптың қыз балаларымен „Қазақ қызы-нәзіктік пен сұлулықтың белгісі” тренинг өтті. Қыз балаларды жаман әдеттерден сақтандыру үшін айтылатын тыйым сөздермен, мақал-мәтелдермен таныстыру, мағынасын ашып, кеңес беру мақсатында 7 "Б",

7 "А" сыныптарында "Қыздарға әсемдік жарасады" атты тәрбие сағаты өтті.

8 «А», 8 «Б» сынып оқушылары үшін қыздарды әдептілікке, әдемілікке, инабаттылыққа, сыпайлыққа үйрету, иманды да инабатты қазақ қыздардың бейнесін қалыптастыру мақсатында "Мәңгілік елдің ибалы қыздары" атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Туған жердің тарихын білу, оны жас ұрпақтың санасына сіңіру кез келген ұстаздың басты мақсаты екені даусыз.

Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу әдістемелік орталығының бастамасымен 2021 жылдың 6-11 желтоқсан аралығында Ы.Алтынсарин атындағы №25 мектебінде «Тарих толқынында» тарихи функционалдық сауаттылық апталығы өтті. Тарихи сауаттылық апталығының аясында салтанатты жиын, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған сынып сағаттары, «Тарих шежіресі» танымдық интеллектуалдық ойындар, шығармашылық жұмыстар, тарихи тұлғалар және олардың Тәуелсіздіктің қалыптасуындағы рөлі атты пікір сайыс, «Тарихи тұлға» презентация сайысы, «Ұлы тұлға» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Өзін-өзі басқару ұйымы наурыз мейрамына орай "Ұлттық аспаптар" күнін ұйымдастырды. Мақсаты: Оқушыларға халқымыздың ұлттық аспаптары жайлы түсінік беріп, өнерге қызығушылығын арттыру. Іс-шара үлкен қоңырауда, аспаптармен ұлттық күйлер ойналып, көңілді караоке және 7 сыныптар арасында " Қазақтың ұлттық аспаптары" атты слайдтар байқауы өтті.

Аспаптар күніне орай "Өзін өзі басқару ұйымының" дебат және бақыт фракцияларының ұйымдастыруымен "Қазақтың ұлттық аспаптары" атты іс-шара өтті. Іс-шара барысында 7 сынып оқушылары қазақтың ұлттық аспаптар жайында слайдтар қорғады. Іс-шараның негізгі мақсаты: Ұлттық аспаптардың біздің бағзы заманда ата-бабаларымыздың өмірінде айрықша орын алғанын

түсіндіру, қазірге дейін олардың біз үшін құнды мұра екенін дәлелдеу, ұлттық аспаптардың түрлерімен, құрылыстарымен, шығу тарихымен таныстыру болатын. Іс- шараны бекіту мақсатында іс шара соңында "Тәтті викторина" өткізілді.

16 Наурыз -Қазақтың ұлттық биі күніне орай "Өзін -өзі басқару" ұйымының фракцияларының ұйымдастыруымен қазақтың ұлттық билерінен флэшмоб өтті. Қазақ биі – бишінің қозғалысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін, ұлттық сахна өнері. Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқан, халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы болып табылады.

"Өзін-өзі басқару ұйымының" ұйымдастыруымен өткізіліп жатқан іс-шараның бірі 17-наурыз "Ұлттық ойындар мен рекордтар күні". Бұл іс-шара оқушылар үшін тартысты, әрі көңілді өтті. Бастауыш сынып оқушылары мақал-мәтелдермен жарысса, жоғары сынып оқушылары арқан тартыс, бес тас және кір көтеруден өз бақтарын сынады. Ал қыздар арасында мектебіміздің "Бұрымды қызы" анықталды. Жаңімпаздар марапатталды.

18 Наурыз-Ұлттық тағамдар күніне орай "Өзін өзі басқару" ұйымының фракцияларының ұйымдастыруымен дастарқан жайылып, оқушылар бауырсақ, Наурыз көжеден дәм татты.

Наурыз мейрамына орай ұйымдастырылған "Қош келдің - Өз наурыз!" атты интеллектуалды сайыс сабақтары, тәрбие сыныптары өтті. Мақсаты: оқушыларға Ұлыстың ұлы күні туралы және дүниежүзілік халықтардың Наурыз мерекесін тойлауы туралы толық мағлұмат беру.

Халқымыздың салт – дәстүрін, әдет – ғұрпын үйрете отырып, Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы екенін ашып көрсету .

4) **Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру:** отбасы мүшелері арасындағы сыйласымдылық, үлкенді құрметтеу, ананы сыйлау, әкені қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, бауырмалдық, туысқандық, денсаулыққа қамқорлық, салт-дәстүр сабақтастығы, сүйіспеншілік.

Отбасында, мектепте, қоғамдық ортада құндылықтар негізінде балаларды тәрбиелеу – қазіргі уақыттың өзекті мәселесі. Отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбие мәселелері мектептердің тәрбие жұмысында, балалардың бос уақытын ұйымдастыру аясында қосымша білім беруде, мәдени-бұқаралық іс- шараларда, конкурстар мен сынып сағаттарында, ата-аналар жиналыстарында, үйірме жұмыстарында, сондай-ақ еңбек тәрбиесінде, бірлесіп еңбек етуде көрініс табуы тиіс

Отбасылық тәрбиеде ата-тегінің шежіресін құрастыру оқушыларға үлкен тағылым. Баланың өз тегін, жеті атасын білуі, өзінің отбасылық шежіресін құрастыруы – отбасылық жақсы дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығын қалыптастырудың, әулеттегі татулықты нығайтудың, баланың текті болып

Тоқсан сайынғы ата-аналар жиналысы барысында балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау, әлеуметтік желідегі бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау жөніндегі жаднамалар таратылды. Ата-аналармен жиналыс ZOOM арқылы ұйымдастырылды. Балалардың мектепте, мектептен тыс уақытта өзін-өзі ұстау мәдениеті, оқу үлгерімі туралы 5-11 сынып ата-аналары пән мұғалімдерімен жеке кездесті. Әр ата-ана өзінің баласы туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік алды.

28 мамыр күні 5-10 сынып ата-аналарына арналған жалпы мектепшілік жиналыс өтті. Жиналыста мына сұрақтар қарастырылды:

1. «Қауіпсіз жаз-2022» ата-аналарды жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігін сақтау туралы нұсқаулықпен таныстыру:

- 1.1. Төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік ережелері
- 1.2. Құқық бұзушылықтың алдын алу нұсқаулығы
- 1.3. Денсаулықты нығайту және сақтау туралы
- 1.4. Кәмелетке толмағандар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу шаралары

2. Кәмелетке толмағандар мен балалар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша 2021-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы.

3. 2022-2023 оқу жылында білім беру мекемелеріндегі міндетті мектеп формасы туралы.

5) Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылар бойына шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, экономикалық сана, кәсіп, мансап, функционалдық сауаттылық, туған табиғатқа деген сүйіспеншілік сынды құндылықтарды сіңіруге ықпал етеді.

«Еңбек – елдің мұраты» жобасын жүзеге асыру мақсатында 5 қараша күні мектебіміздің 9 сынып оқушылары мен ата аналарына "Мамандық таңдау - болашағыңның кепілі" тақырыбында Балқаш қаласының Медициналық колледжінің мамандарымен ZOOM платформасында кездесу өткізді.

Кәсіптік бағдар берудің маңызы ата-аналармен жұмыс болып табылады. Ата-аналар, әдетте балаларының өмірі үшін олардың кәсіби жоспарларын анықтау кезінде белсенді қатысады. Сонымен қатар, мамандық таңдаудың жолдарын анықтау, білім беру қиын тапсырманы ұсынады да өздері үшін білім алушылардың және олардың ата-аналарының пікірлері саналады. Ата-аналар

жиналыстарында сынып сағаттарына мектеп бітіруші сыныптарда, жеке консультациялар - сынып жетекшілері қатысты мәселелерді көтереді маңыздылығы туралы дұрыс таңдау одан әрі балалардың білім талаптарын ескере отырып, қазіргі заманғы еңбек нарығы туралы сөздер қозғалады.

Сонымен қоса мектеп психологтары болашақ түлектерге тренинг, сауалнама бойынша жұмыстар жүргізді. Болашақ түлектерге дұрыс мамандық таңдауларына жан-жақты ақпараттар берілуде.

Мысалы: АСППМ бағдарламасы бойынша 9-11 сыныптардан психотиптерін анықтау мақсатында сауалнама алынды, 5-7 сыныптың оқушыларына Голомштоктың «қызығушылық картасы» бойынша сауалнама алынды.

Сауалнамаға 36 оқушы жауап берді, нәтижесі көңілге қонарлықтай. 9 сыныптар бойынша ата-аналар жиналысы өтті. Кәсіптік бағдар беру бойынша психологиялық кеңестер айтылды.

«Мамандықты дұрыс таңдай білейік?» атты тақырыппен 11 сыныптардың оқушыларына сыныптар бойынша тренингтер өткізілді. Мақсаты: Мамандық таңдар алдында бір мамандыққа тоқталып дұрыс шешім қабылдай отырып, жетістіктерге қол жеткізуге болатынын айтылды.

Психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйесі бойынша жегей-тегжей педагог психолог пен әлеуметтік педагог кеңінен ақпараттар берді.

«Мамандықты дұрыс таңдау» тақырыбында 9 «А» сыныптың оқушыларына педагог-психолог пен әлеуметтік педагог тренинг өткізді. Мақсаты: Оқушыларға кеңестер берілді.

«Кәсіптік бағдар-болашаққа бағдар» тақырыбында 9 «Б» сыныбында тәрбие сағатты өткізілді сонымен қатар «Білім берудің бірінші сатысында кәсіптік бағдар беру мақсаттарын іске асыру» бойынша 9 «А» сыныптарға М.М.Жолдасбекова баяндама оқыды.

11 сыныптың оқушыларына «Мамандықтар әлемін ашамыз» атты тақырыпта педагог-психолог және әлеуметтік педагог тренинг өткізді. Мақсаты: Оқушылардың бойында қорқыныш сезімдерін және өз-өздеріне сенімділікпен қарауларына кеңестер беріліп ойындар ойната отырып, бейероликтер көрсетті.

11 сыныптардың ата-аналарына арналған жиналыс өткізілген педагог-психолог пен әлеуметтік педагог ҰБТ кезінде және балаларына үнемі қолдау көрсету мақсатында тренинг өткізді.

11 сыныптың оқушыларына педагог –психолог пен әлеуметтік педагог психологиялық тұрғыдан кеңестер бере отырып ойындар ойнатты. Әр кез психологиялық тұрғыда дайын болуға шақырды.

Кәсіптік бағдар беру бойынша жұмыстар жоспар бойынша жалғасуда.

АССПМ бағдарламасы аясында кәсіптік бағдар беру бойынша қазіргі таңда 9-11 сыныптардан кәсіби бағдар беру мақсатында оқушының психотиптерін анықтайтын мынандай сауалнамалар алынды :

- И. Вайсбандтың соционикалық тесті
- Кейрси сауалнамасы
- Сьюзен Деллингердің психогеометриялық сынағы
- Дифференциалды-диагностикалық сауалнама әдістемесі (Е.А.Климов)
- Шварцтың құндылық тесті (Шварцтың құндылық сауалнамасы. Шварц әдістемесі)

Кәсіптік бағдар беру мақсатында енгізілген облыстық «Өнегелі өмір» жобасы да оқушылардың дұрыс мамандық тандауына үлкен ықпал жасады.

Өзін-өзі басқару ұйымының дебат фракциясының ұйымдастыруымен экология апталығына орай эко-дебат өткізілді. Эко-дебаттың негізгі қарары Б.П. "Қазақстанның басқа мемлекеттерге қарағанда экологиялық мәселелері көп" деп есептейді. Эко-дебат барысында Қазақстанның экологиясын жандандырып, көркейту үшін арнайы идеялар ұсынылды. Пікірталас барысында 6"А, 6"Б" сынып оқушылары өз ойларын ашық жеткізді. Эко-дебаттың қорытындысын әділ-қазы мүшелері шығарып, нәтижесінде екі топтың да идеялары жоғары деңгейде екенін айтты. Алдағы уақытта осы идеяларды жүзеге асыру барысында талмай еңбектену керек екенін түсіндірді.

“Жасыл Қазақстан” экологиялық сауаттылық апталығы аясында “Жасыл желек табиғат” атты тәрбие сағаты болды.

Мақсаты: Оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру; дүниетанымдарын кеңейту; экологиялық тәрбие беру.

"Жасыл Қазақстан" экологиялық сауаттылық апталығы аясында 3- сыныптар арасында "Туған жер-алтын бесігім" атты іс-шара өтті. Іс- шараның мақсаты: Оқушылардың туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық сезімдерін ояту.

2-сыныптар арасында интеллектуалды ойын өткізілді. Ойынның мақсаты: Оқушыларға табиғат туралы түсінік беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарау, туған жердің экологиясын қорғауға үлес қосу. Оқушылар берілген сұрақтарға жауап бере отырып, өз білімдерін көрсетті. Ойын өте қызық, әрі тартысты болды. Ойын соңында оқушылар «Жас экологтар», «Табиғат жанашырлары», «Табиғат қорғаушылары», «Білімді экологтар», «Табиғат білгірлері», «Жанашыр экологтар» номинацияларымен марапатталды.

2022 жылы мектеп бітіретін түлектер мектеп ауласын көгалдандыру мақсатында терек пен қараағаш отырғызды. Мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Экологиялық іс-шарада оқушылар мен ата-аналар

қауымы мектеп ауласына ағаш отырғызды. Игі іс-шараның мақсаты: мектеп ауласын көркейту, көгалдандыру жұмыстарын жандандыру арқылы табиғатты сақтау.

б) Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие білім алушыларға эстетикалық сананы, эстетикалық талғамды қалыптастыруға көмектеседі.

Көркем-эстетикалық тәрбие саласында отандық мәдени жетістіктерді – кітаптарды, музыкалық шығармаларды, Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін – ертегілерді, аңыздарды, эпостарды, аңыздарды оқыту және ілгері дамыту мақсатында мектепішілік жоспар құрылып, іс-шаралар ұйымдастырылды.

Атап айтатын болсақ, қазан айының 11-16 күндері аралығында Қарағанды облысы білім басқармасының ұйымдастыруымен "Шеберлер әлеміне саяхат" атты эстетикалық сауаттылық апталығы өтті. Апталықтың негізгі мақсаты – көркем еңбекке, музыка әлеміне қызығушылығын арттыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Апталық аясында "Өнер әлемі", "Шеберлер қаласы", "Этикет күні", "Күзгі бояулар", "Шығармашылық күні", "Бұл әлем қандай әдемі" атты іс-шаралар жоспарланды. "Күз кереметі" көрмесі ұйымдастырылды. Д.Ж.Мусаханова қыздарды әсемдікке, сұлулыққа баулып, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында 8-сыныптың қыздарымен "Сылдырмақ" шеберлік сабағын өткізді. 5,6,7- сынып оқушылары арасында "Алтын күз" тақырыбында суреттер байқауы өтті.

Мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілері арасында күз мерекесі арқылы балалардың алтын күз туралы түсініктерін дамыту, тіл байлықтарын арттыру мақсатында "Күз ханшайымы-2021" сайысы өтті. Тәрбиеленушілер іс-шараға белсене қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. Сайыс қортындысы бойынша "Көрермен көзайымы" номинациясын "Өнерлі Ару" номинациясы, "Күз Ханшайымы-2021" номинациясымен жеңімпаздар марапатталынды.

Бірінші желтоқсан Қазақстанда Тұңғыш президент күніне орай өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен Нұрсұлтан Назарбаевтың сүйікті әндеріне арналған "Көңілдің асыл пернесі" атты шығармашылық кеш өтті. Байқау жас дарындардың шығармашылық қабілетін қолдауға, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың сүйікті әндері арқылы ұлттық құндылықтарды сақтауға және жастарды рухани жағынан байытуға бағытталған. Байқау қорытындысы бойынша жүлделі I орынмен – 6 «А» сыныбы марапатталды. II орынды – 6 «Б» сыныбы, III орынды – 7 «Б» сыныбы иеленді.

«1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне» арналған мерекелік іс-шаралар өткізілді. Іс-шаралар «1 - мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні» екенін оқушыларға жеткізу, ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу, біздің елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық мәдениетін, өзіндік үлгі - өнегесін оқушылардың бойына сіңіру мақсатында ұйымдастырылды.

1 –сыныптар арасында «Татулық – достықтың киелі бесігі» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Сынып сағатарында оқушылар әр түрлі ұлт өкілдерінің дәстүрімен, ұлттық тағамдарымен танысты. Түрлі тілдерде амандасу, қоштасу сөздерін айтып, түрлі ойындар ойнады.

5-9 сыныптар арасында «Бейбітшілік – ел тірегі» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушылар тәрбие сағаттарында Қазақстан - көп ұлтты мемлекет, сондық толерантты болу, басқа ұлт өкілдерін сыйлау, дәстүр-ғұрыптарын құрметтеу туралы сөз қозғады.

6-сыныптар арасында 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай ұлттық билер байқауы өтті. Байқауда оқушылар қазақ биі, орыс биі, өзбек, украин, неміс, молдаван, корей, түрік және грузин халықтарының ұлттың билерін нақышына келтіре көрсетті. Байқау қортындысы бойынша барлық сыныптар жүлделі орындарға бие болып, дәстүрлі ауыспалы кубокты 6 «А» сыныбы орыс биімен жеңіп алды.

7) Зияткерлік тәрбие оқушылардың лингвистикалық, музыкалық, логикалық-математикалық, тұлғааралық, тұлға ішіндегі зияткерлікті дамыту мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру білім алушылардың командада жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға, қарама-қарсы пікірге құрметпен қарауға, өз көзқарастары мен пікірлерін белсенді қорғауға үйретуге мүмкіндік береді. Пікірсайыс қозғалысының мақсаты - қоғамда орын алған проблемаларды жария талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру. Аталған мақсатта мектеп оқушылары Қазақстан халқы тілдері күніне орай " әр оқушы Абайдың қара сөздерін білуі керек деп есептейді" тақырыбында американдық парламент форматында сөз таластырды. Тақырып аясында спикерлер Абайдың қара сөздерінде қарастырылған қазақ қоғамындағы түйткілді мәселелерді ортаға салып, даналыққа толы хәкім сөздерінің ерекшеліктеріне тоқталды. Ойын барысында оқушылар дана бабамыздың сөздерін білу қаншалықты маңызды екендігін ой елегінен өткізіп, білім алуға, мәдениетке, өнерге ұмтылуға шақырған қара сөздер сөзсіз оқушылар үшін ғана емес әрбір буын өкілі үшін рухани қазына болып табылатындығына бірауыздан келісіп, ортақ көзқарасқа тоқтады.

10-сынып оқушылары арасында "Мемлекеттік тіл - менің тілім" тақырыбында зияткерлік ойын өткізіліп, мәдени іс-шаралар ұйымдастырылды. Оқушылар өз белсенділіктерін танытып, тілге байланысты сұрақтарға жауап беріп, ана тілінің құдіреті жайында пікір алмасып, өз ойларын ортаға салды. Зияткерлік сайыс өз мәресіне жеткеннен кейін 5"А" сынып оқушылары мереке құрметіне жүрек жарды туындыларын арнап, өлеңдерін мәнерлеп жатқа айтты.

«Бала құқығы – адам құқығы» республикалық айлық аясында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті және Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекесіне орай 6 қараша күні мектебімізде "Бұл палата шетел азаматтарының бала асырап алуына тыйым салады" тақырыбында мектепшілік дебат турнирі өтті. Оқушылар бала құқықтарын қорғау мәселесін ортаға салып, түйткілді тақырып аясында пікір таластырды.

10 желтоқсан күні "Тарих толқынында" апталығы аясында "Тарихи тұлғалар" презентация және "Менің тәуелсіз Қазақстаным" атты жоба қорғау сайысы өтті. Сайысқа 6-7 және 8-10 сынып оқушылары белсене қатысты. Өздерінің ізденген көп мәліметтерімен бөлісті. Қатысқан оқушылар 1,2,3 орындармен марапатталды.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай оқушыларды Отанды, елді, жерді сүйуге туған ел тарихын білуге, еліміздің мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге тәрбиелеу мақсатында Н.Х.Жеткін мен мен М.М.Мамырбаеваның ұйымдастыруымен 5-сыныптар арасында «Тәуелсіздік-елімнің ерлік жолы» атты квест ойыны болып өтті. Оқушылар квест ойынына белсене қатысып, түрлі тапсырмалар орындады.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жыл толуы мерекесі қарсаңында 1"А" сынып оқушыларының арасында "Тәуелсіз елім -Қазақстан" атты виртуалды интеллектуалдық ойын өтті.

24-29 қаңтар аралығында мектебімізде «Математика айналамызда» атты математикалық сауаттылық апталығы ұйымдастырылды. Апталық аясында бірнеше іс-шаралар өткізілді.

25 қаңтарда Математика айналамызда" атты математикадан сауаттылық апталығы аясында 1"Б" сынып оқушыларына бастауыш сынып мұғалімі Г.Ә.Белекбаева математикалық танграм ойынын өткізді. Мақсаты: Танграм туралы ақпарат бере отырып, логикалық ойлауын және геометриялық пішіндер туралы білімдерін дамыту. «ТАНГРАМ» сөзі қытай тілінен аударғанда сөзбе-сөз «шеберліктің жеті тактайшасы» - ойжұмбақ дегенді білдіреді. Ол жеті жазық пішіннен тұрады, оны белгілі бір әдіс бойынша бүктеу арқылы әлдеқайда күрделі пішін (адам, жануар кейпін бейнелейтін, үй тұрмысы заты, әріп немесе сан және т.с.с.) алу үшін қолданады.

Танграм:

- ✦ Басқатырғыш ойлау деңгейін дамытуға септігін тигізеді;
- ✦ Ереже бойынша ойнауды және нұсқаулықты орындауды үйретеді;
- ✦ Көрнекі - бейнелі болжауды, елестетуді, назар салуды үйретеді;
- ✦ Түсті, өлшемді және пішінді, түйсікті, комбинаторлық қабілеттілікті түсінуге үйретеді.

26 қаңтар күні оқушылардың математикаға қызығушылығын, ынтасын, зейінін арттыру, алған білімдерін өмірде қолдана алуға бейімдеу мақсатында 7 “А”, 7 “Б” сыныптарында «Мега математика» тақырыбында интеллектуалды сайыс жүргізілді. Сайыс кезеңдеріндегі берілген тапсырмалар оқушылардың бағдарлама бойынша математикалық білімдерін және математикалық сауаттылықты дамытатын, жалпы білім алуға деген қызығушылықтарын оятатын, логикалық ойлау қабілеттерін арттыратындай болды. Жарыс барысында болған «Бәйге», «Жорға», «Аударыспақ», «Теңге алу» кезеңдері оқушылардың ең көп таңдаған бөлімдері болды. Оқушылар зияткерлік ойында өте белсенді қатысып, сұрақтарға дұрыс, нақты жауап берді.

26 қаңтарда "Математика айналамызда" атты математикалық сауаттылық апталығы аясында 3-сыныптар арасында бастауыш сынып мұғалімдері: С.М.Құсылбек пен А.Қ.Разахберлінің ұйымдастыруымен "Математикалық эстафета" интеллектуалдық-танымдық ойыны болып өтті. Танымдық тапсырмалар арқылы оқушылардың ақыл-ой деңгейін қалыптастыру, логикалық ойлауын дамыту, байқағыштық пен шапшандығын арттыру мақсатында өтті. Ойын барысында оқушылар белсенділік танытып, білімдерімен күш сынасты. Ойын қорытындысында барлық сынып оқушылары марапатталды.

31 қаңтар – 5 ақпан аралығында өткен «Цифрлық әлем» ақпараттық сауаттылықты дамыту апталығы аясында 2 ақпан күні 6 сынып оқушылары арасында «КВЕСТ» ойыны өтті. Сайыс кезіндегі берілген тапсырмалар оқушылардың сауаттылығын дамытып, логикалық ойлау қабілеттерін арттыратындай болды. Жарыс «Карта жинау», «Kahoot», «Филворд», «Дартс» кезеңдерінен тұрды. Оқушылар ойынға белсене қатысып, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орынды.

Цифрлық әлем” ақпараттық сауаттылықты дамыту апталығының аясында 2 “А”, 2 “Б” сынып оқушыларымен бірлесіп “Ақпараттық сауаттылық - бүгінгі заман талабы” тақырыбында сайыс сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты: оқушыларға ақпараттық технология және оны пайдалану туралы толық мәлімет бере отырып, информатика пәніне қызығушылығын арттыру.

Сайыс сабақ 3 кезеңнен тұрды. “Менен сұрақ, сенен жауап”, “Ой талқы”, “Ой түйін” кезеңдерде оқушылар белсенділік танытып, өз ойларын айтты. Сабақ соңында белсенділік танытқан оқушылар марапатталды.

Қаржылық сауаттылық апталығы аясында 1"А",1"Б" сыныптары арасында "Теңге-ұлт келбеті" атты интеллектуалды сайыс болып өтті.Мақсаты:оқушыларғаұлттық валюта жайлы түсінік бере отырып,танымдық қабілеттерін арттыру, дарынды, озық болуға,алған білімдерін өмірде қолдануға үйрету. Сайыс барысында оқушылар теңгенің шығу тарихы және жасалу құрылымымен терең таныса отырып "Ел тірегі-төл теңге!" тәуелсіздігімізді айқындайтын нышандарымыздың бірі екендігі туралы мәлімет алды. Сайыс соңында екі сыныптың да оқушылары жүлделі орынды иеленді.

6-сыныптарда «Қаржы еліне» саяхат атты интеллектуалды ойын өтті. Ойын валюта тарихы туралы мағлұмат беру,өмірде ақшаны колдана білуге, оны еңбекпен таба білуге үйрету мақсатында ұйымдастырылды. «Қаржылық сауаттылық» түсінігі қаржы саласындағы ықтимал құрал-саймандарды практикада қалай сәтті пайдалануға болатындығын түсіндірілді.. Соның нәтижесінде адам табысты жинауды, бюджетті сауатты жоспарлауды және шығындарды рационалды жарату жолдары көрсетілді.

Оқу сауаттылық апталығы аясында ағылшын тілі пәні мұғалімі Р.Р.Тәңірберлі 3"Б" сыныбымен “Өз ойыным” атты интеллектуалды ойын өткізді. Оқушылар “Bright starts” және “Sunshine” деп екі топқа бөлініп “Полиглот”, “Білгір”, “Ертегілер әлеміне саяхат”, “True/False” сияқты түрлі ойын кезеңдерінен өтті. Ойын өте қызық әрі тартысты болды. Оқушылар мақал мәтелдерді толықтырып, түрлі сұрақтарға жауап бере отыры, 3-тілді өз деңгейлерінде білетіндерін дәлелдеп, білімдерін көрсетті.

«Жасыл Қазақстан» экологиялық сауаттылық апталығы аясында 2-сыныптар арасында ұйымдастырылған «Эко Ring» атты интеллектуалды ойын өткізілді. Ойынның мақсаты: Оқушыларға табиғат туралы түсінік беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарау, туған жердің экологиясын қорғауға үлес қосу. Оқушылар берілген сұрақтарға жауап бере отырып, өз білімдерін көрсетті.Ойын өте қызық,әрі тартысты болды. Ойын соңында оқушылар «Жас экологтар»,«Табиғат жанашырлары»,«Табиғат қорғаушылары»,«Білімді экологтар»,«Табиғат білгірлері»,«Жанашыр экологтар» номинацияларымен марапатталды.

8) **Дене тәрбиесі салауатты өмір салтының**, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастырады. Осы орайда мектепте 7 спорттық секциялар жұмыс жасайды, секцияларда барлығы 160 оқушы

қамтылғын. Секциялардың жұмыс жоспары бекітіліп, жүйелі түрде жұмыс жүргізіледі.

Оқу жылының басында Конституция күніне орай 5-6 сыныптар арасында «Былғары доп» футбол турнирі өтті.

Қыркүйек айында мектебімізде денсаулық фестивалі өтті. Фестиваль барысында 9-11 сынып ұлдары арасында футболдан жарыс, 7-8 сынып оқушыларының арасында скиппингтен жарыс, 6 сынып оқушылары арасында «Бес асық», 5 сыныптар арасында эстафеталық ойындар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, осы апталық аясында «Денсаулық- зор байлық», «Біз нашакорлыққа қарсымыз» тақырыптарында сынып сағаттары өтті.

Күзгі демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында 8- сынып оқушылары арасында волейболдан турнир ұйымдастырылды. Турнирге барлығы 2 сынып қатысты.

1 желтоқсан Дүниежүзілік ЖИТСқа қарсы күнге орай мектебімізде іс-шаралар жоспары құрылып, жүзеге асырылды. Атап айтсақ, өзің-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен 29 қараша күні «Dance 4 life!» флешмобы өтті. Флешмобқа 7 сынып оқушыларынан құралған командалар қатысты.

27 қараша күні 7 сынып оқушылары арасында «Біз салауатты өмір салтын таңдаймыз» атты эстафеталық ойын өтті. Эстафетаға 2 сынып қатысты. Іс-шараға 30 оқушы қамтылды.

27-30 қараша аралығында 9-11 сынып оқушыларына арналған «Сақтан ұрпақ ЖИТС деген қатерден» атты сынып сағаттар желісі өтті.

Тұңғыш президент күніне орай 9-11 сынып оқушылары арасында волейболдан жарыс өтті.

Қарағанды облысы Білім басқармасының ұйымдастыруымен мектебімізде 2022 жылдың 21-26 ақпан аралығында «Денің сау болса, барлығын аларсың» атты физикалық сауаттылық апталығы өтті. Осыған орай жұмыс жоспары құрылып, мектеп басшысымен бекітілді. Апталықтың мақсаты : Өскелен ұрпақтың дене сауаттылығын және бұқаралық спортты дамыту.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Сатиев Қ.А 5 «А, 5«Б» сынып оқушыларымен «Шытырман ойындар» өткізді.

Іс-шара мақсаты балалардың дене шынықтыру сабағына қызығушылығын арттыру, Логикалық ойындар арқылы көшбасшылық қабілеттерін ояту.

22 ақпан күні физикалық сауаттылық апталығы аясында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі А.А. Аскаров «Баскетбол добын игеру және әдіс-тәсілдерді жетілдіру» тақырыбында оқушыларымызға шеберлік сағат өткізді.

Іс-шара мақсаты спорттық арнайы қимыл-қозғалыс дағдыларының дәлдігін, бақылауды және икемділігін кең ауқымда жоғары дәрежедегі шеберлік көрсете отырып үйлестіру.

23 ақпан күні дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Қ.А.Сатиев "Волейбол ойыны, ойын техникасының дағдыларын дамыту" тақырыбында шеберлік сағат өткізді.

Іс-шараға 6 сынып оқушылары және мектеп әкімшілігі қатысты.

26 ақпан «Денің сау болса, барлығын аларсың» физикалық сауаттылық апталығының жабылу салтанаты өтті. Іс-шара барысында апталыққа белсене қанысқан, сонымен қатар, оқу жылы барысында өткізілген 9-11 сынып оқушылары арасында өткізілген волейбол, 5-6, 7-8 сынып оқушылары арасында өткен футбол, 5-6 сыныптар арасында өткен пионербол турнирлерінің жеңімпаздары мадақтамалармен марапатталды. Сондай-ақ осы турнирлерде өз шеберліктерімен көзге түсен оқушылар «Қазақстан Үміті», «Үздік капитан», «Үздік шабуылшы», «Жыл жаңалығы» атты арнайы номинациялармен марапатталды.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық апталығы аясында 6-7 сыныптың қыздары арасында "Тазалық денсаулық - негізі" атты кездесу болып өтті. Кездесуді биология пәні мұғалімі М.М. Мамырбаева өткізді. Кездесуге қалалық емхана мамандары қатысып, қызықты ақпараттарымен бөлісті. Қыз баланың жасөспірімдік кезеңінде ағзасында болатын өзгерістерін атап көрсетіп, жеке бас гигиенасын, салауатты өмір салтын ұстануға кеңес берді. Адам ағзасына зиянды заттардың әсері туралы бейнебаян көрсетілді, ситуациялық жағдайлар талқыланып, түрлі сұрақтар қойылды. Қыздар келген қонақтарға көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып тың жауап алды.

Әлеуметтік педагог Б.Т.Касатова және педагог - психолог: Д.Ж.Сағымбекованың ұйымдастырумен оқушыларға есірткі мәселесі бойынша ақпараттылық деңгейін жоғарлату, психикалық белсенді заттарды қолдануға қарсы дағдыларын дамыту мақсатында «Есірткі табысты тұлғаға сай емес» атты тақырыбында 8 "А" "Б" сынып оқушыларымен тренинг жүргізілді. Тренинг барысында оқушыларға "Амандасу" жаттығуы, бейнеролик, психологиялық ойындар, топтық шығармашылық жұмыстар болды. Осы тренингте оқушылар белсенділікпен қатысып, жағымды көңіл-күйде болды.

Мектебімізде оқу жылы барысында «**Мектеп парламенті**» жобасы жүзеге асырылды. Мектеп парламенті 8 фракциясы бойынша жұмыс жүргізді.

16 қыркүйек 8,9-10 сынып оқушылары арасында Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 мектебінде өзін-өзі басқару ұйымының «Мектеп президентін»